

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ	
ИМЖ құжатының атауы	«ҚазТрансОйл» АҚ-тың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Өмірлік маңызды қағидалар» кодексі	
Кодекс		бет
Өзірлеуші: өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және ТЖ департаменті	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2023 жылғы 31 қазандағы № 26 отырыс хаттамасы)	

МАЗМҰНЫ:

[1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР](#)

[2. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ](#)

[3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР](#)

[4. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР](#)

[§1. Өмірлік маңызды қағидалар](#)

[§2. Көшбасшылық және бейілділік](#)

[§3. Жұмысқа дайын болу](#)

[§4. Өндірістік объектілерге бару кезіндегі қауіпсіздік](#)

[5. ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ](#)

[6. ЖҰМЫС ӨНДІРІСІНДЕГІ ӨМІРЛІК МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАР](#)

[§1. 1-қағида - Қауіпсіздік шараларын айналып өту](#)

[§2. 2-қағида - Жабық кеңістікте жұмыс жүргізу](#)

[§3. 3-қағида - Көлік құралдарын қауіпсіз жүргізу](#)

[§4. 4-қағида - Энергия көздерін оқшаулау](#)

[§5. 5-қағида - От жұмыстары](#)

[§6. 6-қағида - Қауіпті аймақ](#)

[§7. 7-қағида - Жүк көтеру жұмыстарындағы қауіпсіздік](#)

[§8. 8-қағида - Қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсат](#)

[§9. 9-қағида - Биіктікте жұмыс істеу](#)

[§10. Қауіптілігі жоғары жағдайларда жекелеген жұмыстар](#)

[7. ЖАУАПКЕРШІЛІК](#)

[8. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР](#)

[9. ҚОСЫМША](#)

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Өмірлік маңызды қағидалар» кодексі - бұл жұмыс орнындағы тәуекелдер және жұмыскерлерді қорғау үшін сыни қорғау құралдарын/кедергілерді тиісінше пайдалану туралы қарапайым, анық және дәйекті ақпарат беретін жұмыстардың жекелеген түрлерін қауіпсіз орындаудың негізгі талаптары.

2. Осы Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының жұмыскерлері үшін «Өмірлік маңызды қағидалар» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы корпоративтік стандарт [\[1\]](#), Қоғамның ішкі құжаттары,

IOGP үздік әлемдік тәжірибелері мен ұсынымдарын ескере отырып, жетекші мұнай-газ компанияларының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы озық халықаралық тәжірибесі негізінде әзірленді.

3. Осы Кодекстің талаптары еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету бөлігінде корпоративтік мәдениетті, әрбір жұмыскердің өндірістік жарақаттануға және кәсіптік ауруларға, авариялар мен инциденттерге жол бермеуге жеке мүдделілік деңгейін арттыруға бағытталған.

2. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

4. Осы Кодекс Қоғамның барлық жұмыскерлеріне, сондай-ақ өндірістік объектілердің аумағында болатын мердігерлердің жұмыскерлеріне қолданылады.

5. Мердігерлердің жұмыскерлері және Қоғамның өндірістік объектілеріне баратын барлық басқа адамдар [СТ 6636-1901-АҚ-039-2.007-2018](#) «ҚазТрансОйл» АҚ-та еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесіне [2] сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі кіріспе нұсқама жүргізу барысында осы Кодекстің талаптарымен танысулары керек.

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

6. Осы Кодекстің мақсаттары үшін мынадай терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

1) **ҚМГ компаниялар тобы** - ҚМГ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ ҚМГ қызметін бақылауға құқылы заңды тұлғалар;

2) **Өмірлік маңызды қағидалар** - жетекші мұнай-газ компанияларының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы озық халықаралық тәжірибесі негізінде әзірленген жұмыстарды қауіпсіз орындаудың түйінді талаптары жұмыс орнындағы тәуекелдер және жұмыскерлерді қорғау үшін қорғау құралдарын/кедергілерді тиісінше пайдалану туралы қарапайым, анық және дәйекті ақпарат береді;

3) **ҚМГ** - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

4) **сыни қорғау құралдары/кедергілер** - ықтимал қауіпті іске асыру ықтималдығын төмендетуге және оның салдарын азайтуға бағытталған қорғау шаралары;

5) **қауіпсіздікке арналған сыни жабдық** - жабдық немесе оның жекелеген бөлігі, технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі немесе біржолғы істен шыққан жағдайда қауіпті жағдайға немесе аварияға әкеп соғуы мүмкін қорғау құрылғысы;

6) **жекеленген құрылымдық бөлімше (ЖҚБ)** - филиал, мұнай құбыры басқармасы немесе өкілдіктерден басқа, Қоғамның аумақтық жекеленген құрылымдық бөлімшесі;

7) **Қоғам** - «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы;

8) **тәуекелді бағалау** - еңбек қызметін жүзеге асыру процесінде туындайтын қауіптерді анықтау, олардың шамасы мен ықтимал салдарлардың ауырлығын айқындау;

9) **мердігер** - жасалған шарт (келісімшарт) негізінде Қоғам объектілерінде жұмыстарды орындайтын және/немесе қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

10) **өндірістік объект** - мұнайды айдаумен, ауыстырып тиеумен, ағызумен, құюмен, сақтаумен және араластырумен, электр энергиясын берумен, жылу энергиясын өндірумен, берумен және таратумен, тауарлық-материалдық қорларды қабылдаумен және сақтау немесе өндірістік қызметтің басқа түрлерімен (мұнай айдау станциясы, өндірістік қызмет көрсету базасы, цех, учаске және т.б.) айналысатын ЖҚБ-ның жеке тұрған өндірістік бөлімшесі;

11) **Қоғамның басшылығы (басшылары)** - бас директор (Басқарма төрағасы), бас директордың орынбасарлары және басқарушы директорлар;

12) **құрылымдық бөлімше** - белгілі бір процесті жүзеге асыруға жауапты және Қоғам/ЖҚБ құрылымында көрсетілген Қоғамның/ЖҚБ-ның бөлімшесі;

13) **IOGP (International Association of Oil & Gas Producers)** - Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы.

4. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

§1. Өмірлік маңызды қағидалар

7. Өмірлік маңызды қағидалар ҚМГ компаниялар тобында болған ірі оқиғалар туралы деректерді талдауға негізделген, сыни қорғау құралдарының/кедергілердің болмауына және (немесе) жетілмегендігіне байланысты жұмыскерлердің қаза болуына немесе жарақаттануына әкеп соғуы ықтимал жұмыс түрлеріне шоғырланған.

8. Өмірлік маңызды қағидалар жұмыс орнындағы барлық тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды жоюға арналмаған, олар ауыр зардаптарға немесе өлімге әкелуі мүмкін әрекеттерге назар аударуға арналған.

9. Өмірлік маңызды қағидалар әртүрлі типтегі жұмыстарды өндірудің негізгі қауіпсіздік қағидаларын сақтауды жоймайды, бірақ оларға қосымша болып табылады.

10. Өмірлік маңызды қағидалар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы белгіленген заңнамалық талаптар мен халықаралық стандарттарға толық сәйкес келеді.

§2. Көшбасшылық және бейімділік

11. Қоғамның басшылығы, құрылымдық бөлімшелер мен өндірістік объектілердің басшылары жұмыстардың қауіпсіз орындалуын жоспарлауға және бақылауды ұйымдастыруға тікелей қатысу арқылы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етудегі өзінің жетекші рөлін мойындайды.

12. Қоғам басшылығы, құрылымдық бөлімшелер мен өндірістік объектілердің басшылары еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мәселелерді шешудің басымдығына өздерінің бейімділігін жеке мысалмен көрсетуге тиіс.

§3. Жұмысқа дайын болу

13. Жұмыс орнындағы қауіпсіз жағдайлардың негізгі қағидаларының бірі - жұмыскерлердің денсаулығын сақтау.

14. Қоғам жұмыскерлерінің денсаулығын қорғау Қазақстан Республикасының [Еңбек кодексімен \[3\]](#) және «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының [Кодексімен \[4\]](#) регламенттеледі.

15. Жұмыскерлер өз басшыларының нұсқауларын, бұйрықтарын немесе өкімдерін орындамауға тиіс, оларды орындау еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормалардың, қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарын бұзуға әкеп соғады.

16. Барлық жұмыскерлер міндетті:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормалардың, қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен міндетті алдын ала және мерзімді медициналық қарап-тексеруден, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландырудан өтуге;

3) жұмыскерлердің әрбір өндірістік жарақаты және денсаулығының өзге де зақымдануы, кәсіптік аурудың (уланудың) белгілері туралы, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдай туралы тікелей басшыға дереу хабарлауға;

4) жеке және ұжымдық қорғау құралдарын мүлтіксіз қолдануға және мақсаты бойынша пайдалануға.

17. Барлық өндірістік объектілер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі шаралары, жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтармен қамтамасыз етілуі тиіс.

§4. Өндірістік объектілерге бару кезіндегі қауіпсіздік

18. Өндірістік объектілерге баратын барлық адамдар белгіленген тәртіппен нұсқаулықтан өтуге, берілетін жеке қорғану құралдарын киюге тиіс. Аяқ киім биік өкшелі аяқ киімсіз және болаттан жасалған бұйымдарсыз, киім-кешек бөлшектерсіз болуы керек.

19. Өндірістік объектілер бойынша жүріп-тұру ілеспе қызметкердің қатысуымен жүзеге асырылуға тиіс. Өндірістік объектінің аумағы бойынша әр топқа жеке ілесіп жүрушіні ұсынудың міндетті шартымен бірнеше топтың жүріп-тұруына жол беріледі.

20. Әрбір еріп жүретін жұмыскер рациямен қамтамасыз етілуі тиіс.

21. Өндірістік объектіде төтенше жағдай, авария немесе инцидент туындаған кезде барлық келушілер қауіпсіз жерге эвакуациялануы тиіс.

5. ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

22. Жұмыс орындарын дайындау және жұмыстарды тікелей жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі құжаттарының талаптарын мүлтіксіз орындау қажет. Жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз етуді регламенттейтін негізгі құжаттар:

1) Қазақстан Республикасының [Еңбек кодексі](#) [3];

2) Магистральдық құбырларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету [қағидалары](#) [5];

3) [СТ 6636-1901-АҚ-039-2.006-2021](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмысты ұйымдастыру тәртібі [6];

4) [СТ ҚТО-2.005-2023](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар [7];

5) Мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы, мұнай базалары мен автожанармай құю станцияларындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары [8];

6) [СТ 6636-1901-АҚ-039-2.007-2018](#) «ҚазТрансОйл» АҚ-та еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі [2];

7) «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары объектілерінде жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі үлгілік нұсқаулықтар [9].

23. Қоғамның барлық жұмыскерлері орындайтын жұмыстарының сипатын ескере отырып, [СТ 6636-1901-АҚ-039-8.019-2018](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Еңбек қауіпсіздігі. Арнайы киім, арнайы аяқ киім және жеке қорғаныс құралдарын беру нормаларына [10] сәйкес арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғаныс құралдарымен және ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етулері тиіс. Мердігерлер өз жұмыскерлерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етулері керек.

24. Жұмыс жағдайларын қалыпқа келтіру құралдарын және жұмыскерлерге зиянды өндірістік факторлардың әсерін азайту құралдарын қамтитын жеке және ұжымдық қорғау құралдары қоршаған ортаның зиянды әсерінен қорғауды, сондай-ақ жарықтың қалыпты деңгейін, шу мен дірілдің рұқсат етілген деңгейлерін, электр тогының соғуынан қорғауды, қозғалатын тораптар мен механизмдердің бөлшектерінен жарақаттанудан қорғауды, биіктіктен құлаудан қорғау құралдарымен және басқа да құралдармен қамтамасыз етуі тиіс.

25. Арнайы жұмыс түрлерін орындау кезінде (биіктікте, электр желілерінде, жабық кеңістікте және т.б.) орындалатын жұмыстың сипатына қарай қосымша жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын қолдану міндетті болып табылады.

26. Жұмыс жабдығы жабдықтың осы түрі үшін белгіленген қауіпсіздік нормаларына сәйкес келуі, тиісті техникалық паспорттары (сертификаты), ескерту белгілері болуы және жұмыс орындарында жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қоршаулармен немесе қорғау құрылғыларымен қамтамасыз етілуі тиіс.

27. Жұмыскерлердің үй-жайдан авариялық жолдары мен шығулары белгіленуі, бос қалуы және ашық ауаға немесе қауіпсіз аймаққа шығарылуы тиіс.

28. Жабдықты жөндеу оны ажыратқаннан, қысымды түсіргеннен, қозғалатын бөліктерді тоқтатқаннан және оның кездейсоқ қозғалуына жол бермейтін шаралар қабылдағаннан кейін жүргізіледі.

29. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде, қауіп жойылғанға дейін және жұмыстарды қауіпсіз орындау процесі қамтамасыз етілгенге дейін жұмыстар тоқтатыла тұруы тиіс.

30. Барлық жұмыстар келесі шарттар орындалған жағдайда жасалуы тиіс:

1) жұмыс басталғанға дейін қолданыстағы тәуекелдерге/қауіпті және зиянды өндірістік факторларға талдау жүргізілді, ықтимал жағымсыз оқиғалардың алдын алу және олардың зардаптарының ықтималдығын және (немесе) ауырлығын төмендету жөніндегі қажетті іс-шаралар әзірленді, орындаушыларға жеткізілді және орындалды;

2) жұмыстарды орындау басталғанға дейін авариялық жағдай, өрт туындаған жағдайда іс-әрекеттер айқындалған және барлық қажетті ресурстар бар;

3) қауіптілігі жоғары жұмыстарға заңнамалық талаптарға сәйкес рұқсат-наряд ресімделген, жұмыстарды жүргізу аумағы сигналдық ленталармен және(немесе) қауіпсіздік белгілерімен белгіленген;

4) жұмыстарды орындайтын жұмыскерлер жұмыстарды жүргізудің қауіпсіз әдістеріне, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі шараларына Күзиретті және оқытылған, денсаулық жағдайы бойынша жіберілген, жұмыстарды орындауға жарамды және тиісті біліктілігі бар;

5) жұмыскерлер жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтармен таныстырылды;

6) өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі тұрғысынан қандай рәсімдер мен жабдықтар сыни болып табылатыны айқындалды және жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге жауапты жұмыскерлердің оларды нақты түсінуі қамтамасыз етілді;

7) жеке және ұжымдық қорғау құралдары қолжетімді және әлеуетті тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды және объектіде жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге қойылатын талаптарды ескере отырып қолданылады;

8) алкогольдік, есірткілік мас күйінде немесе психотроптық заттардың әсерінен, сондай-ақ денсаулық жағдайы бойынша жұмыстарды орындауға жарамсыз адамдардың болуы алынып тасталады;

9) жұмыстарды жүргізу орнына жұмыстарды орындауға байланысты емес адамдарды жіберуге жол берілмейді;

10) жұмыскерлер алғашқы көмек көрсету қағидаларымен таныстырылды;

11) жабдықтар, механизмдер, құралдар мен қауіпсіздік құрылғылары жұмыстың нақты түрі үшін жарамды және дұрыс;

12) әрбір жұмыскер жүргізілетін жұмыстың қауіпсіздігіне күмәні болса, теріс салдарсыз жұмысқа араласуға немесе тоқтата тұруға құқылы.

6. ЖҰМЫС ӨНДІРІСІНДЕГІ ӨМІРЛІК МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАР

§1. 1-қағида - Қауіпсіздік шараларын айналып өту

31. Маңызды қорғаныс/кедергілерге жұмыскердің өліміне немесе ауыр зардаптармен және басқа да ірі апаттармен жарақат алуға әкелуі мүмкін оқиғалардың алдын алуға арналған жабдық (өртке қарсы және жарылысқа қарсы жүйелер, қоршаулар, құлыптар, дабыл және қауіпсіздікті бақылау жабдықтары) кіреді.

32. Қорғаныс жабдығын бұғаттамас немесе ажыратпас бұрын рұқсат алу керек:

1) Мен қауіпсіздік үшін маңызды жабдықты және орындалатын тапсырмаға қатысты процедураларды қолданамын;

2) Мен рұқсат аламын:

қорғаныс жабдығын бұғаттауға немесе ажыратуға;

белгіленген процедуралардан ауытқуға;

қорғаныс қоршауын өту алдында.

§2. 2-қағида - Жабық кеңістікте жұмыстар жүргізу

33. Жабық кеңістік (резервуарлар, ыдыстар, шұңқырлар немесе құрамында жарылғыш, улы немесе басқа қауіпті заттар болуы мүмкін құбырлар, мысалы, оттегінің жетіспеушілігі, құлау және сүріну қаупін тудыруы мүмкін заттар) - бұл барлық жағынан шектелген, кіруі мен шығуы қиын немесе шектеулі және олар арқылы жылдам өтуге кедергі келтіретін кеңістік.

34. Жабық кеңістікте жұмыс жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет [СТ 6636-1901-АҚ-039-2.006-2021](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыстарды ұйымдастыру тәртібі [6], [ҚР СТ 2079-2010](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Газ қауіпті жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру [11], [ҚР СТ 2080-2022](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Өрт қауіпсіздігі [12], [ҚР СТ 2081-2011](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары [13], сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының басқа да талаптарымен реттеледі.

35. Технологиялық жабдықтарды, коммуникацияларды, оның ішінде сыйымдылықтар ішіндегі (резервуарлар, цистерналар, коллекторлар, құдықтар, ыдыстар және басқа да осыған ұқсас жабдықтар немесе орындар) тексеруге, тазалауға, жөндеуге, герметикалаудан

босатуға байланысты, оларды жүргізу кезінде жұмыс аймағына жарылыс-өрт қауіпті немесе зиянды булар, газдар және т.б. бөлу мүмкіндігі бар немесе жоққа шығарылмаған жұмыстар жарылысты, өртті тудыруы, адам ағзасына зиянды әсер етуі мүмкін басқа заттар, оттегі жеткіліксіз болған кездегі жұмыстар (көлемдік үлесі 20% төмен) тек наряд-рұқсат бойынша орындалады.

36. Жабық кеңістіктегі жұмыстарды бастамас бұрын тәуекелдерді бағалау [СТ 6636-1901-АҚ-039-2.006-2021](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыстарды ұйымдастыру тәртібіне [6] сәйкес жүргізіледі.

37. Жабық кеңістікте жұмыс басталғанға дейін және жұмыс кезінде оның табиғи немесе мәжбүрлі желдетілуі қамтамасыз етіледі.

38. Ашуға, қарап-тексеруге, тазалауға немесе жөндеуге жататын резервуарлар, сыйымдылықтар, аппараттар, құдықтар және т.б. өнімнен босатылуы, қолданыстағы жабдықтан және құбырлар жүйесінен стандартты тығындардың көмегімен ажыратылуы (наряд-рұқсатқа қоса берілетін схемаға сәйкес) және олардағы химиялық өнімдердің қасиеттеріне қарай жуылуы, өткір бумен буланған, инертті газбен және таза ауамен үрленген.

39. Дайындық іс-шараларының орындалу сапасын бағалау үшін жабық кеңістікте жұмыстар жүргізуді бастамас бұрын жеке қорғану құралдарын, сондай-ақ зиянды, жарылыс-өрт қауіпті заттарды міндетті түрде қолдану мақсатында жабық кеңістіктерде (сыйымдылықтарда, құдықтарда, үй-жайларда) оттегінің болуына ауа ортасын зертханалық немесе автоматты талдау жүргізу қажет.

40. Жабық кеңістікке кірер алдында рұқсат алыңыз:

1) Мен энергия көздерінің оқшауланғанын растаймын;

2) Мен жабық кеңістіктегі атмосфераның тексерілгенін және бақыланатынын растаймын;

3) Мен қажет болған жағдайда тыныс алу аппаратын тексеремін және қолданамын;

4) Мен жұмыстарды орындау кезінде көмекші-кезекші бар екенін растаймын;

5) Мен төтенше жағдай жоспарының болуын растаймын;

6) Мен кірер алдында рұқсат аламын.

41. Жұмыс аяқталғаннан кейін люктерді жаппас бұрын резервуардың, сыйымдылықтың, аппараттың, құдықтың және т.б. ішінде адамдардың, құралдардың, материалдар мен бөгде заттардың жоқтығына көз жеткізу керек.

§3. 3-қағида - Көлік құралдарын қауіпсіз жүргізу

42. Жүргізуші мен жолаушылар бір-бірінің қауіпсіздігі үшін жауап беруі керек, соның ішінде барлық жолаушылардың қауіпсіздік белдіктерімен бекітілгеніне көз жеткізу керек.

43. Қызметтік міндеттерге жарамдылық дегеніміз-қызметкердің тапсырманы қауіпсіз және өзіне немесе басқаларға қолайсыз тәуекелсіз орындай алуын қамтамасыз ету. Оның ішінде алкогольдің, есірткінің немесе психотроптық заттардың әсеріне ұшырамау.

44. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен [14], Жол жүрісі қағидаларымен [15], [СТ 6636-1901-АҚ-039-2.002-2020](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Автокөлік, трактор және арнайы техника. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар кешенін ұйымдастыру және басқару [16], «ҚазТрансОйл» АҚ көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саясатымен [17], сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының басқа да талаптарымен регламенттеледі.

45. Тыйым салынады:

1) жүргізушінің және барлық жолаушылардың қауіпсіздік белдіктері бекітілмеген көлік құралдарының қозғалысы;

2) белгіленген жылдамдық режимінен асып кету;

3) көлік құралының қозғалысы кезінде жүргізушілердің мобильді байланыс құралдарын пайдалануы;

4) көлік құралдарының салондарында темекі шегу;

5) көлік құралының күндізгі жарық шамдары немесе күндізгі жүріс шамдары сөнген тәуліктің жарық уақытында қозғалысы;

6) рұқсат беру құжаттарысыз көлік құралдарында бөгде адамдарды және/немесе жүктерді, тез тұтанатын сұйықтықтарды тасымалдау;

7) жеке көлік құралын қызметтік және/немесе өндірістік мақсаттарда пайдалану;

8) көлік құралдарын басшылықтың (көлік құралына өтінімнің) жазбаша рұқсатынсыз және тиісті жол парағынсыз қызметтік және/немесе өндірістік мақсаттарда пайдалану.

46. Қауіпсіз жүргізу қағидаларын сақтаңыз:

1) Мен әрқашан қауіпсіздік белдігін тағамын;

2) Мен белгіленген жылдамдық шегінен аспаймын және оны жол жағдайына сәйкес азайтамын;

3) Мен көлік жүргізу кезінде ұялы телефондарды немесе басқа құрылғыларды пайдаланбаймын;

4) Мен жолға шығу алдында демалып, көлік жүргізу кезінде мүмкіндігінше мұқият боламын;

5) Мен жол қозғалысы қағидаларын және сапарларды басқару талаптарын сақтаймын.

§4. 4-қағида - Энергия көздерін оқшаулау

47. Энергия көздерін оқшаулау жұмыскерлерді электр қуаты, қысым және кернеулі жабдық сияқты тәуекелдерден/қауіпті және зиянды өндірістік факторлардан қорғауды қамтамасыз етеді. Кез-келген қалдық энергияны (мысалы, гидравликалық немесе пневматикалық) жұмыс басталмай тұрып шығарып тастау керек.

48. Қауіпті энергия көздерін оқшаулау жөніндегі қызмет «ҚазТрансОйл» АҚ-та қауіпті энергия көздерін оқшаулау тәртібімен [18] реттеледі. Бұл тәртіп Қоғамның өндірістік қызметін жүзеге асыру кезінде жазатайым оқиғалар мен авариялардың алдын алу мақсатында Қоғам жабдықтарына техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпті энергия көздерін оқшаулауға қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейді.

49. Қауіпті энергия көздерін оқшаулау келесі негізгі қадамдарды орындауды қамтиды:

1) жоспарлау, таныстыру және ақпараттандыру;

2) жабдықты ажырату және оқшаулау;

3) жабдықтың оқшаулауын тексеру;

4) блоктаушы құрылғысын/қауіпсіздік блоктаушысын және қауіпсіздік белгілерін қолдану;

5) жұмысты орындау;

6) жабдықтың жұмыс күйін қалпына келтіру үшін блоктаушы құрылғысын/қауіпсіздік блоктаушысын және қауіпсіздік белгілерін алу.

50. Жұмысты бастамас бұрын қуат көздерінің оқшаулауын және кернеудің жоқтығын тексеріңіз:

1) Мен барлық энергия көздерін анықтадым;

2) Мен барлық қауіпті энергия көздері оқшауланғанын, қосылуға тыйым салынғанын және тиісті таңбалаумен жабдықталғанын растаймын;

3) Мен кернеудің жоқтығына көз жеткіздім және қалдық немесе жинақталған энергияны тексердім.

51. Электр қондырғыларын, қолданыстағы және қайта жаңартылатын электр желілерін пайдалануға, жөндеуге, монтаждауға, баптауға және сынауға байланысты жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы [қағидаларымен](#) [19], Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы [қағидаларымен](#) [20], сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының басқа да талаптарымен регламенттеледі.

52. Кернеуді алып тастауды талап ететін жұмыс орнын жұмысқа дайындау үшін мынадай іс-шаралар орындалады:

1) қажетті ажыратулар жүргізіледі және коммутациялық аппаратураның қате немесе өздігінен қосылуына кедергі келтіретін шаралар қабылданады;

2) коммутациялық аппаратураны қолмен жетектерде және қашықтан басқару кілттерінде қауіпсіздік плакаттары ілінеді;

3) адамдарды электр тогының соғуынан қорғау үшін жерге тұйықталатын ток өткізгіш бөліктерінде кернеудің болмауы тексеріледі;

4) жерге қосу орнатылады;

5) қажет болған кезде жұмыс орындары немесе кернеуде қалған ток жүргізуші бөліктер қоршалады, қоршауларға қауіпсіздік плакаттары ілінеді. Жергілікті жағдайларға байланысты ток өткізгіш бөліктер жерге тұйықталғанға дейін немесе одан кейін қоршалады.

53. Қысыммен жұмыс істейтін құбырлар мен ыдыстарды пайдалану кезінде жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет қысыммен жұмыс істейтін Жабдықты пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету [қағидаларымен](#) [21], [ҚР СТ 2081-2011](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарымен [13], сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының басқа да талаптарымен регламенттеледі.

54. Қысыммен жұмыс істейтін жабдықты пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету [қағидалары](#) [21] қолданылатын құбырлар жұмысқа кіріспес бұрын және пайдалану процесінде техникалық куәландырудан өтеді: сыртқы тексеру және гидравликалық сынау.

55. Қысымдағы ыдыстар мен олардың элементтерін жөндеуге жол берілмейді.

56. Егер ыдыс бар ақауларға байланысты болса немесе Қысыммен жұмыс істейтін жабдықты пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету [қағидаларын](#) [21] бұзу одан әрі пайдалану үшін қауіпті жағдайда, мұндай ыдыстың жұмысына жол берілмейді.

§5. 5-қағида - От жұмыстары

57. От жұмыстарына құрамында көмірсутектері немесе тез тұтанатын материалдары бар аймақта орындалатын тұтану көзін жасайтын кез келген жұмыстар жатады.

58. Тұтану көздері дәнекерлеу, тегістеу, темекі шегу, өртеу, қауіпті материалдарды түсіру/тиеу, іштен жану қозғалтқыштары, химиялық реакциялар, батареялар және т.б. сияқты жұмыс аймағындағы материалдарды тұтандыруы мүмкін ашық жалын немесе жылу көздері болып табылады.

59. От жұмыстарының негізгі түрлеріне байланысты өндірістік операциялар жатады:

1) ашық отты қолдана отырып (электрмен дәнекерлеу, электрмен кесу, газбен дәнекерлеу, газбен кесу, бензокеросинмен кесу, жарылғыш технологияларды қолдану, дәнекерлеу жұмыстары);

2) материалдар мен құрылымдардың тұтануын тудыруы мүмкін ұшқынмен және температураға дейін қыздыру арқылы (абразивті тазалау, ұшқын шығаратын металды механикалық өңдеу, битумдар мен шайырларды қыздыру, жарылыс қауіпі бар аймақтарда жоғары вольтты сынау, термитті дәнекерлеу және т.б.) жүзеге асырылады.

60. От жұмыстарын жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті [ҚР СТ 2080-2022](#) Магистральдық мұнай құбырлары. От қауіпсіздігі [12], [ҚР БК 1.03-106-2012](#) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Қазақстан Республикасының қағидалар жинағы. Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы [22], [ҚР ҚН 1.03-12-2011](#) Электр дәнекерлеу және газ жалын жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларымен [23], [СТ 6636-1901-АҚ-039-2.006-2021](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыстарды ұйымдастыру тәртібімен [6], сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының басқа да талаптарымен регламенттеледі.

61. От жұмыстарын жүргізу орындары тұрақты және уақытша болуы мүмкін.

62. От жұмыстарын жүргізудің тұрақты орындары (арнайы алаңдарда немесе шеберханаларда) ЖҚБ басшысының бұйрығымен айқындалады. Бұйрықпен өндірістік объектінің инженерлік-техникалық жұмыскерлері қатарынан көрсетілген орындарда от жұмыстарын ұйымдастыруға және қауіпсіз жүргізуге жауапты тұлғалар тағайындалады. От жұмыстары тұрақты орындарында от жұмыстарын жүргізуге жазбаша рұқсатсыз жүргізіледі.

63. Өндірістік объектілерде уақытша от жұмыстарына осы жұмыстарды осы мақсат үшін арнайы бөлінген тұрақты орындарда жүргізу мүмкін болмаған ерекше жағдайларда жол беріледі. Мұндай жұмыстар атыс жұмыстарын жүргізуге жазбаша рұқсат бойынша жүргізіледі.

64. Рұқсат бойынша орындалатын от жұмыстары тәуліктің күндізгі уақытында жүргізіледі. Ерекше жағдайларда шұғыл жұмыстарды жүргізуге жұмыстардың жауапты басшысының қатысуымен тәуліктің қараңғы уақытында жол берілуі мүмкін. Бұл ретте рұқсатта тәуліктің қараңғы уақытында оларды орындау шарттарын ескеретін жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі қосымша іс-шаралар көзделуге тиіс.

65. От жұмыстарын бастамас бұрын тәуекелдерді бағалау [СТ 6636-1901-АҚ-039-2.006-2021](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыстарды ұйымдастыру тәртібіне [6] сәйкес жүргізіледі.

66. От жұмыстарын жүргізу орындары алғашқы өрт сөндіру құралдарымен (өрт сөндіргіш, құм және күрек салынған жәшік, шелегі бар су қоры, өртке қарсы мата (киіз) қамтамасыз етіледі. Объектіде ішкі өртке қарсы су құбыры болған кезде от жұмыстарын жүргізу орнына өрт крандарынан оқпандары бар өрт жеңдері салынады. От жұмыстарымен айналысатын барлық жұмысшылар алғашқы өрт сөндіру құралдарын қолдана білуі керек.

67. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың, жанғыш газдардың буы жиналуы мүмкін үй-жайлар от жұмыстарын жүргізер алдында желдетіледі.

68. От жұмыстарын бастамас бұрын және жүргізу кезінде көрсетілген жұмыстар жүргізілетін технологиялық жабдықта және қауіпті аймақта бу-газ- ауа ортасының жай-күйін бақылау жүзеге асырылады.

69. Жанғыш заттардың құрамы жоғарылаған немесе қауіпті аймақтағы немесе технологиялық жабдықтағы флегматизатордың концентрациясы булардың (газдардың) жарылысқа қауіпсіз шекті рұқсат етілген концентрациясының мәндеріне дейін төмендеген жағдайда от жұмыстары дереу тоқтатылады.

70. Жанғыш заттар мен тұтану көздерін бақылаңыз:

- 1) Мен өрт көздерін анықтап, бақылап отырамын;
- 2) кез келген от жұмыстарын бастамас бұрын:

Мен жанғыш заттардың жұмыс аймағынан шығарылғанын немесе оқшауланғанын растаймын;

Мен жұмыстарды орындауға рұқсат алдым;

- 3) қауіпті аймақта от жұмыстарын бастамас бұрын мен мынаны растаймын:
ауа ортасын талдау орындалды;
газдың мониторингі тұрақты негізде жүргізіледі.

§6. 6-қағида - Қауіпті аймақ

71. Бұл қағида жұмыскерлердің тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар (қозғалатын және құлайтын заттар немесе заттар және олардың арасында қысылып қалу) туралы хабардарлығын арттыруға арналған. Қауіпті аймаққа байланысты тәуекелдерді тапсырманы орындағанға дейін және орындау кезінде әрдайым анықтау мүмкін емес (мысалы, жер асты және әуе электр желілері, құбырлар, қысымдағы объектілер, жинақталған энергия, кернеудегі желілер, жер жұмыстарын орындау кезінде траншеялар мен шұңқырлардың әлсіз тірелген қабырғалары, жүктер мен жабдықтардың қозғалысы).

72. Қауіпті аймақтар нақты белгіленуі керек. Егер жұмыс орындары жұмыстың сипатына байланысты жұмыскерге заттардың түсу қаупі бар қауіпті аймақтарда болса, онда мұндай орындар сырт адамдардың осы аймақтарға кіруіне кедергі келтіретін құрылғылармен жабдықталуы керек.

73. Жұмысты орындау кезінде бригада қауіпті аймақта қалмас үшін айналадағы жағдайды үнемі қадағалап отыруы керек. Жұмысшылар көлік жүргізушілері мен жабдық операторларына көрінетініне көз жеткізуі керек.

74. Қауіпті аймаққа кірмеңіз және оған басқа адамдардың кіруіне жол бермеңіз:

- 1) Мен өз орнымды төмендегілерді болдырмайтынғып таңдаймын:

қозғалатын объектілер;
көлік құралдары;
қысым шығарындылары;
құлаған объектілер;

- 2) Мен қорғаныс тосқауылдары мен қоршауларды орнатамын және оларды бұзбаймын;

- 3) Мен бос заттарды бекітуге әрекет жасаймын және заттардың құлау қаупі туралы хабарлаймын.

§7. 7-қағида - Жүк көтеру жұмыстарындағы қауіпсіздік

75. Жүк көтеру жұмыстарын сертификатталған жабдықты пайдалана отырып, құзыретті жұмыскерлермен жоспарлауы және орындауы керек. Жүргізілетін жүк көтеру жұмыстарының айналасындағы адамдарды қорғау үшін қолжетімділікті физикалық кедергілер мен тыйым салынған аймақтардың көмегімен бақылау керек.

76. Жүк көтеру жұмыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет [СТ 6636-1901-АҚ-039-2.006-2021](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыстарды ұйымдастыру тәртібімен [6], Құралдармен және құрылғылармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік [қағидаларымен](#) [24], Жүк көтергіш тетіктерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету [қағидаларымен](#) [25], сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының басқа да талаптарымен реттеледі.

77. Қолданыстағы электр беру желісінің күзет аймағында машиналарды (жебелі жүк көтергіш крандарды, экскаваторларды, тиегіштерді және т.б.) қолдана отырып, құрылыс-монтаждау жұмыстарын желі иесі ұйымның жазбаша рұқсаты және рұқсат наряд болған кезде жұмыс жүргізу қауіпсіздігіне жауапты адамның тікелей басшылығымен жүргізу керек.

78. Жүк көтеру жұмыстарын бастамас бұрын тәуекелдерді бағалау [СТ 6636-1901-АҚ-039-2.006-2021](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыстарды ұйымдастыру тәртібіне [6] сәйкес жүргізіледі.

79. Өуе электр беру желісінен кернеуді алу мүмкін болмаған жағдайда электр беру желісінің күзет аймағындағы құрылыс машиналарының жұмысын [ҚР БК 1.03-106-2012](#) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Қазақстан Республикасының қағидалар жинағы. Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасымен [22] көзделген талаптарды орындау шартымен жүргізуге рұқсат етіледі.

80. Жүк көтеру жұмыстары жүргізілетін үй-жайлар мен алаңдардың жарықтандырылуы [МЕМСТ 12.1.046-2014](#) Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары [26] және [ҚР ҚН 2.04-01-2011](#) Қазақстан Республикасының Құрылыс нормалары. Табиғи және жасанды жарықтандыру [27] талаптарына сәйкес болуы тиіс.

81. Жүктердің құлауы және опырылуы мүмкін аймақтарда адамдардың болуына және көлік құралдарының қозғалуына тыйым салынады.

82. Такелаждық жұмыстарды немесе жүктерді арқандап байлауды арнайы оқытудан, білімін тексеруден өткен және осы жұмыстарды жүргізу құқығына куәлігі бар адамдар орындауы тиіс.

83. Жүк көтеру жұмыстарын жоспарлаңыз және жүк көтеру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етіңіз, жұмыс орнын бақылаңыз:

1) Мен жабдық пен жүктің тексерілгенін және мақсатты пайдалану үшін жарамды деп танылғанын растаймын;

2) Мен тек менің біліктілігім пайдалануға мүмкіндік беретін жабдықпен жұмыс істеймін;

3) Мен қорғаныс тосқауылдары мен қоршауларды орнатамын және оларды ешқашан бұзбаймын, жүк астында жүрмеймін.

§8. 8-қағида - Қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсат

84. Қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындауға рұқсат беру - бұл наряд-рұқсат беру нысанына қол қоятын жауапты адам ғана емес, бұл қауіпті жұмыс түрлерін бастауға рұқсат алу қажеттілігі.

85. Жауапты тұлға жоспарланған жұмыстың қауіпсіз екендігіне, маңызды қорғаныс құралдары/кедергілердің қолданылғанына, орнатылғанына және тиімді екендігіне және жұмыс жоспарына сәйкес орындалуы мүмкін екендігіне көз жеткізіп, растауы керек.

86. Жарамды наряд-рұқсат болған жағдайда жұмыс жасаңыз:

1) Мен наряд-рұқсаттың қажеттігіне көз жеткіздім;

2) Мен жұмысты орындауға өкілеттімін;

3) Мен наряд-рұқсаттың мақсатын түсінемін;

4) Мен тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың бақылауда екенін және жұмысты қауіпсіз бастауға болатындығын растаймын;

5) Мен жұмысты тоқтатамын және жұмыстарды жүргізу шарттары өзгерген жағдайда тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды қайта бағалауды жүргіземін.

§9. 9-қағида - Биіктікте жұмыс істеу

87. 1,3 метрден астам биіктіктен құлау қаупі бар қорғалған аймақтан тыс биіктікте жұмыс істеу (мысалы, тұтқамен қоршалмаған көтерілген жұмыс алаңы) сенімді бекіту нүктесіне бекітілген құлаудан қорғау үшін сертификатталған жабдықты пайдалануды талап етеді. Биіктіктегі жұмыстардың басқа түрлеріне баспалдақтар, су үстіндегі жұмыс, еден саңылаулары, кіру люктері және бақылау шұңқырлары жатады. Еденнің саңылаулары құлап кетпес үшін физикалық тосқауылдармен жабылуы керек.

88. Биіктікте жұмыс жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет [СТ 6636-1901-АҚ-039-2.006-2021](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыстарды ұйымдастыру тәртібімен [6], [ҚР СТ 2081-2011](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарымен [13], сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының басқа да талаптарымен регламенттеледі.

89. Биіктікте жұмыс басталар алдында тәуекелдерді бағалау [СТ 6636-1901-АҚ-039-2.006-2021](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыстарды ұйымдастыру тәртібіне [6] сәйкес жүргізіледі.

90. Заттардың биіктіктен құлап кетуіне жол бермеу және жұмыс аймағының астында физикалық кедергілерді пайдалану төменде жұмыс істейтін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

91. Материалдардың, құралдың жоғарыдан ықтимал құлау аймағы қоршалуы, оған сырт адамдардың кіруіне тыйым салынуы және қауіпсіздік ескерту белгілері ілінуі тиіс.

92. Құрылыс сатылары тиісті түрде салынып, тексеріліп, сертификатталуы керек.

93. Биіктікте жұмыс істегенде өзіңізді құлаудан сақтандырыңыз:

1) Мен сақтандыру жабдықтарын қолданар алдында тексеремін;

2) Мен құралдар мен жұмыс материалдарын олардың құлап кетуіне жол бермеу үшін бекітемін;

3) Мен қорғалған аймақтан тыс биіктікте жұмыс істегенде әрқашан қауіпсіздік белдігін бекітілген тірек нүктелеріне бекітемін.

§10. Қауіптілігі жоғары жағдайларда жекелеген жұмыстар

94. Қауіптілігі жоғары жағдайдағы жұмыстарға орындалған кезде жұмыс орындалатын орындарда қауіпті және зиянды өндірістік факторлар әрекет ететін немесе туындауы мүмкін жұмыстар жатады.

95. Өрт және жабық кеңістіктегі жұмыстардан басқа, жоғары қауіпті жұмыстарға газ қаупі бар жұмыстар мен жер жұмыстары да жатады.

96. Газ қауіпті жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет [СТ 6636-1901-АҚ-039-2.006-2021](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыстарды ұйымдастыру тәртібімен [6], Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі [талаптармен](#) [28], [ҚР СТ 2079-2010](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Газ қауіпті жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастырумен [11], сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының басқа да талаптарымен регламенттеледі.

97. Қоғамның магистральдық мұнай құбырлары объектілерінің аумағында жер жұмыстарын жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті [ҚР БК 1.03-106-2012](#) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Қазақстан Республикасының қағидалар жинағы. Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасымен [22], [ҚР СТ 2081-2011](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарымен [13], [СТ 6636-1901-АҚ-039-2.006-2021](#) Магистральдық

мұнай құбырлары. Қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыстарды ұйымдастыру тәртібімен [6], сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының басқа да талаптарымен регламенттеледі.

98. Газға қауіпті жұмыстар мен жер жұмыстары басталар алдында тәуекелдерді бағалау [СТ 6636-1901-АҚ-039-2.006-2021](#) Магистральдық мұнай құбырлары. Қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыстарды ұйымдастыру тәртібіне [6] сәйкес жүргізіледі.

7. ЖАУАПКЕРШІЛІК

99. Қоғам басшылығы, құрылымдық бөлімшелердің басшылары:

1) Қоғам жұмыскерлері мен мердігерлердің осы Кодекстің талаптарын орындауын бақылауды қамтамасыз ету;

2) қажетті ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды жүргізу арқылы қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету.

100. Өндірістік объектілердің басшылары Қоғам жұмыскерлері мен мердігерлердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қағидалар мен нормаларды, оның ішінде Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген талаптарды сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өндірістік жарақаттануға және кәсіптік ауруларға, авариялар мен инциденттерге жол бермеу жөнінде тиісті шаралар қабылдауға жауапты болады.

101. Қоғам жұмыскері жауапты:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қағидалар мен нормаларды, оның ішінде Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген қағидаларды, сондай-ақ осы Кодекстің талаптарын сақтау;

2) өзінің тікелей басшысына, ал ол болмаған кезде - жоғары тұрған басшыға жұмыскерлердің әрбір өндірістік жарақаты және денсаулығының өзге де зақымдануы, кәсіптік аурудың (уланудың) белгілері туралы, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдай туралы дереу хабарлау.

102. Көрнекі үгіт жүргізу мақсатында құрылымдық бөлімшелер мен өндірістік объектілер осы Кодекстің [қосымшасына](#) сәйкес Өмірлік маңызды қағидалар туралы жадынамалар ресімдейді және оларды көрнекті жерге орналастырады.

8. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР* .

[1]	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2022 жылғы 11 қарашадағы № 19 отырыс хаттамасы) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының жұмыскерлері үшін «Өмірлік маңызды қағидалар» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы корпоративтік стандарт
[2]	Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген (2018 жылғы 21 қарашадағы № 30 отырыс хаттамасы) СТ 6636-1901-АҚ-039-2.007-2018 «ҚазТрансОйл» АҚ-та еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі
[3]	2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
[4]	«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексі

[5]	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 354 бұйрығымен бекітілген Магистральдық құбырларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары
[6]	Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген (2021 жылғы 18 тамыздағы № 19 отырыс хаттамасы) СТ 6636-1901-АҚ-039-2.006-2021 Магистральдық мұнай құбырлары. Қауіптілігі жоғары жағдайларда жұмыстарды ұйымдастыру тәртібі
[7]	Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген (2023 жылғы 7 қыркүйектегі № 22 отырыс хаттамасы) СТ ҚТО-2.005-2023 Магистральдық мұнай құбырлары. Мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар
[8]	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 342 бұйрығымен бекітілген Мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы, мұнай базалары мен автожанармай құю станцияларындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары
[9]	Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген (2005 жылғы 3 қарашадағы № 23 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары объектілерінде жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі үлгілік нұсқаулықтар
[10]	Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген (2018 жылғы 12 маусымдағы № 15 отырыс хаттамасы) СТ 6636-1901-АҚ-039-8.019-2018 Магистральдық мұнай құбырлары. Еңбек қауіпсіздігі. Арнайы киім, арнайы аяқ киім және жеке қорғану құралдарын беру нормалары
[11]	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 602-НҚ бұйрығымен бекітілген ҚР СТ 2079-2010 Магистральдық мұнай құбырлары. Газға қауіпті жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру
[12]	Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2022 жылғы 28 қарашадағы № 389-НҚ бұйрығымен бекітілген ҚР СТ 2080-2022 Магистральдық мұнай құбырлары. Өрт қауіпсіздігі
[13]	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2011 жылғы 29 маусымдағы № 317-НҚ бұйрығымен бекітілген ҚР СТ 2081-2011 Магистральдық мұнай құбырлары. Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары
[14]	2014 жылғы 17 сәуірдегі «Жол қозғалысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
[15]	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген Жол қозғалысы қағидалары
[16]	Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген (2020 жылғы 21 ақпандағы № 3 отырыс хаттамасы) СТ 6636-1901-АҚ-039-2.002-2020 Магистральдық мұнай құбырлары. Автокөлік, трактор және арнайы техника. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар кешенін ұйымдастыру және басқару
[17]	Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген (2018 жылғы 13 сәуірдегі № 9 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саясаты
[18]	Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) 2019 жылғы 28 мамырдағы № 36 бұйрығымен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ-та қауіпті энергия көздерін оқшаулау тәртібі

[19]	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 222 бұйрығымен бекітілген Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техника қағидалары
[20]	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 253 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техника қағидалары
[21]	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 бұйрығымен бекітілген Қысыммен жұмыс істейтін жабдықты пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары
[22]	ҚР БК 1.03-106-2012 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Қазақстан Республикасының қағидалар жинағы. Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы
[23]	ҚР ҚН 1.03-12-2011 Электр дәнекерлеу және газ жалын жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары
[24]	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 204 бұйрығымен бекітілген Құралдармен және құрылғылармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары
[25]	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бұйрығымен бекітілген Жүк көтеру тетіктерін пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары
[26]	МЕМСТ 12.1.046-2014 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары
[27]	ҚР ҚН 2.04-01-2011 Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары. Табиғи және жасанды жарықтандыру
[28]	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 673 бұйрығымен бекітілген Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптар

* Осы Кодексті пайдаланған кезде сілтеме құжаттардың қолданылуын тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы Кодексті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжаты ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге әсер етпейтін бөлікте қолданылады.

9. ҚОСЫМША

Қосымша (міндетті)	«ҚазТрансОйл» АҚ өмірлік маңызды қағидалары» жадынамасының үлгісі
------------------------------------	-------------------------------------------------------------------

Қосымша
(міндетті)

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың «Өмірлік маңызды қағидалар»



1. Қауіпсіздік шараларын айналып өту



2. Жабық кеңістікте жұмыс жүргізу



3. Көлік құралдарын қауіпсіз жүргізу



4. Энергия көздерін оқшаулау



5. От жұмыстары



6. Қауіпті аймақ



7. Жүк көтеру жұмыстарындағы қауіпсіздік



8. Қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсат



9. Биіктікте жұмыс істеу

«ҚазТрансОйл» АҚ және мердігер ұйымдардың барлық жұмыскерлері ӨМІРЛІК МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАРДЫ білуі және сақтауы тиіс!

Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «ҚазТрансОйл» АҚ-тың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Өмірлік маңызды қағидалар» кодексі («ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген, 2023 жылғы 31 қазандағы № 26 отырыс хаттамасы)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2023 г.